

Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ету жүйесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 18 қазандағы N 3144. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2002.02.11. N 805 жарлығымен. ~U020805

Қазақстан Республикасы Конституциясының K951000_ 44-бабының 19)-тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығына Z952733 _ сәйкес, Мемлекет басшысының қызметін және Қазақстан Республикасында Президенттік басқару нысанының қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында

қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін, оның актілері мен тапсырмаларының сөзсіз әрі мүлтіксіз және уақтылы атқарылуын бақылауды қамтамасыз ететін жүйені:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы (бұдан былай - Мемлекеттік хатшы);

2) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі (бұдан былай - Әкімшілік);

3) Қазақстан Республикасы Президентінің Бірінші көмекшісі, (бұдан былай - Бірінші көмекші);

4) Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қазақстан Республикасы Жоғары экономикалық кеңесі Төрағасының орынбасары (бұдан былай - экономика мәселелері жөніндегі көмекші);

5) Қазақстан Республикасы Президентінің ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекшісі - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы (бұдан былай - ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекші);

6) Мемлекет басшысының кеңесшілері тобын жасақтайтын Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшілері құрайды деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 3)-тармақша жаңа редакцияда, 4)-6)-тармақшалармен толықтырылды - ҚР Президентінің 1997.04.01. N 3434 жарлығымен. U973434_

2. Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекеттік қызмет - құрметті қызмет және бұл қызметте тұрған адамдар өз ісінде Мемлекет басшысының саясатын бұлжытпай жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік хатшы, Әкімшілік, Бірінші көмекші, экономика мәселелері жөніндегі көмекші, ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекші, Мемлекет басшысының кеңесшілері өздеріне жүктелген міндеттердің орындауы үшін толығымен жауап береді және өз құзыреттерінің шегінде бұл үшін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар атқаруға міндетті барлық қажетті іс-қимылдар мен шешімдер қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Президентінің 1997.04.01.

№ 3434 жарлығымен.

3. Мемлекеттік хатшы:

1) Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын, оған тікелей бағынатын және есеп беретін;

2) құзырында Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес мынадай мәселелер:

өкілдік функцияларын атқару;
идеологиялық мәселелер және саяси партиялармен, өзге де қоғамдық бірлестіктермен байланыс;

Республика Парламентімен байланыс;
Республика Президентіне Республиканың мемлекеттік наградаларымен марапаттау жөнінде ұсыныстар енгізу;

Мемлекет басшысы жанындағы мынадай консультативтік кеңесші органдардың: Қазақстан Халықтары ассамблеясының, Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің, Отбасы, әйелдер проблемалары және демографиялық саясат жөніндегі кеңестің, Адам құқығы жөніндегі комиссияның қызметі;

Мемлекет басшысының өзге де тапсырмаларын орындау болатын лауазымды адам болып табылады;

ЕСКЕРТУ. 2)-тармақша жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1997.04.01. № 3434 жарлығымен.

4. Мемлекеттік хатшы өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында:

1) өкімдер шығаруға;
2) Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелеріне, орталық және жергілікті атқарушы органдарға тапсырмалар беруге хақылы.

5. Әкімшілік - Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп

беретін мемлекеттік орган, оның құзырында мынадай мәселелер болады:

мемлекеттік органдарды жалпы бақылау, соның ішінде Мемлекет басшысының актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылау;

ішкі саясат мәселелері;

саяси ахуалға талдау және болжам жасау;

зандар мен Республика Президентінің актілерін әзірлеу және

оларға құқықтық сараптама жасау;

сот жүйесі мәселелері және Республика Жоғары сот кеңесінің қызметін қамтамасыз ету;

жергілікті өкілді және атқарушы органдармен байланыс;

кадр саясаты және мемлекеттік қызметті реформалау мәселелері;

азаматтық және кешірім жасау мәселелері;

Мемлекет басшысының баспасөз қызметі;

Республика Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің мәселелері;

Республика Президентінің қызметін қамтамасыз ететін жүйеде іс жүргізу;

Әкімшіліктің құрамына Әкімшілік Басшысы, оның орынбасарлары, Әкімшіліктің Мемлекет басшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Әкімшіліктің өзге де мемлекеттік қызметшілері кіреді.

Әкімшіліктің құрылымын оның бөлімшелері, соның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың а п п а р а т т а р ы қ ұ р а й д ы .

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 1-абзацы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1997.04.01. N 3434 жарлығымен.

6. Әкімшілік Басшысы:

1) Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырып,

бағыттап отырады, оның өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына заңдарды және Мемлекет басшысы актілерінің жобаларын ұсынады;

3) Мемлекет басшысына кадр мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) Әкімшіліктің мемлекеттік қызметшілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) бұйрықтар шығарады және нұсқаулықтарды бекітеді, Әкімшілік бойынша өзге де қызметтік құжаттамаға қол қояды;

6) өзінің орынбасарларының және Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілеттіктерін айқындайды;

7) Мемлекет басшысының өзге де тапсырмаларын орындайды.

7. Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелері:

1) Әкімшілік қызметінің негізгі бағыттары бойынша оған жүктелген

міндеттерді орындау үшін құрылады;

2) оларды осы құрылымдарға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жауап беретін басшылар басқарады; бөлімшелер қызметшілері арасында міндеттерді бөледі; бұларда тиісті тәртіпті және еңбектің ұйымдастырылуын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

8. Мемлекет басшысының Бірінші көмекшісін, экономика мәселелері жөніндегі көмекшісін, ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекшісі мен кеңесшілерін Республика Президенті қызметке тағайындап, қызметтен босатады әрі олар өз қызметін оның тапсырмаларын атқару үшін жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1997.04.01. N 3434 жарлығымен. U973434_

9. Бірінші көмекшінің құзырында Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес мынадай мәселелер болады: жалпы мәселелер;

Республика Президентінің сапарлары мен кездесулерін даярлау және ұйымдастыру, оның қызметін хаттамалық қамтамасыз ету;

Мемлекет басшысының жұмыс кестесін жасау;

Республика астанасын Ақмола қаласына көшіру мәселелері;

Республикалық ұланның, Республика Президенті Күзет қызметінің;

Мемлекет басшысының Кеңесшілері тобының қызметін үйлестіру;

Республика Президентінің өзге де тапсырмаларын орындау.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2000.04.21. N 378 жарлығымен. U000378_

10. Экономика мәселелері жөніндегі көмекшінің құзырында Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес мынадай мәселелер болады:

Республика Жоғары экономикалық кеңесінің қызметін ұйымдастыру;

экономикалық қызметтер мен ведомстволардың жұмысын үйлестіру,

жиынтық мәліметтерді табыс ету;

елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалға талдау жасау;

Мемлекет басшысы үшін әлеуметтік-экономикалық проблематика бойынша баяндамалар әзірлеу;

экономикалық мәселелер жөнінде Үкіметпен байланыс;

Республика Президентінің атынан Республика Ұлттық банкінде өкілдік ету;

бұқаралық ақпарат құралдарында Мемлекет басшысының экономикалық саясатын насихаттау;

Республика Президентінің өзге де тапсырмаларын орындау.

11. Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі көмекшінің құзырында Мемлекет

басшысының тапсырмаларына сәйкес мынадай мәселелер болады:

Республика Қауіпсіздік кеңесінің қызметін ұйымдастыру;
ішкі және сыртқы қауіпсіздіктің жай-күйін талдау;

Республика Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Бас Прокуратурасының,
Мемлекеттік тергеу комитетінің, Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс
министрлігінің мәселелері;

Республика Президентінің өзге де тапсырмаларын орындау.

12. Жүктелген міндеттерді орындау мақсатында Әкімшілік Басшысы, оның орынбасарлары, Мемлекет басшысының Бірінші көмекшісі, экономика мәселелері жөніндегі көмекші, ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекші мен кеңесшілері, Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз құзыреттерінің шегінде мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға тапсырмалар беруге х а қ ы л ы .

13. Қазақстан Республикасы Президентінің мына актілерінің күші жойылған д е п т а н ы л с ы н :

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 қарашадағы N 2 6 5 6 Ж а р л ы ғ ы ;

2) "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі

мен өкілеттіктері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 2896 Жарлығы;

3) "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережеге толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 3 маусымдағы N 3016 Жарлығы;

4) "Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері мен кеңесшілері арасындағы міндеттер бөлісін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 3 маусымдағы N 3015 өкімі;

14. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда, 10-11-тармақтармен толықтырылды, 10-12-тармақтар тиісінше 12-14-тармақтар болып саналды - ҚР Президентінің 1997.04.01. N 3434 жарлығымен.

U 9 7 3 4 3 4 _

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК